

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2015 жылғы есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 маусымдағы № 282 Жарлығы
Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 134-
бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2015 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2015 жылғы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ақпарат тәртібімен ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2015 жылғы есеп және аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпараттың мерзімді баспа басылымдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2016 жылғы

№ Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

2015 жылғы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы ЕСЕП

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы 2015 жылғы есеп.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2015 жылғы есеп.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2015 жылғы өзге де деректер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2015 жылғы есеп

P/c №	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану	Сомасы (мың теңге)
1	2	3
1.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің басындағы қаражаты	16429299412*
2.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер:	11793630511
	оның ішінде:	1613152949
	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда)	567063225
	оның ішінде:	65545507
	корпоративтік табыс салығы	32249326
	үстеме пайдаға салынатын салық	459942363
	бонустар	227319646
	пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	261032882
	экспортқа салынатын рента салығы	0
	жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі	0
	қызметін өнімді бөлу жөніндегі келісімшарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының мұнай секторы ұйымдарынан қосымша төлемі;	16676573
	мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда)	0
	оның ішінде:	0
	орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4621289
	республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын басқа да айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3139686
	мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат	0
	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	8912030
	республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	3568
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	0
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер	0

	республикалық бюджеттен кепілдендірілген трансфертті қайтару республикалық бюджеттен нысаналы трансфертті қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге түсімдер мен кірістер	1 1 7 5 0 7 0 10162625919 0 0 0
3.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын пайдалану:	2468570 53
	о н ы ң кепілдік берілген і ш і н д е : н ы с а н а л ы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу	1702000000 754416963 12153890
4.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің соңындағы қаражаты	25754359070**

Е с к е р т п е :

* 2015 жылдың басындағы сальдо 6820871 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 48 мың теңге – айырма мен сыртқы аудиторлар жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын және түзету сомасы болып табылатын 1486504166 мың теңге соманы есепке алмай көрсетілген;

** 2015 жылдың соңындағы сальдо 10608932 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 48 мың теңге – айырма мен сыртқы аудиторлар жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын және түзету сомасы болып табылатын 2153828706 мың теңге соманы есепке алмай көрсетілген.

2015 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты 16429299412 мың теңгені (14935974327) мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу тәсілімен), 2015 жылғы 31 желтоқсанға 25754359070¹ мың теңгені (23589921384 мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен) к ұ р а д ы .

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2015 жылғы есептегі Қазақстан республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің басындағы және есепті кезеңнің соңындағы қаражаты қазақстандық эмитенттердің номиналдық құн бойынша облигацияларын ескереді

Есепті кезеңде облигацияларды сатып алу-сату жөнінде жасалған шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының бағалы қағаздар қоржынына жалпы сомасы 1067226525 мың теңге қазақстандық эмитенттердің облигациялары сатып алынды:

1) «Бәйтерек» ҰБХ» акционерлік қоғамы:

2015 жылдың бірінші тоқсанында 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 14ҰБ, 2015 жылғы 12 наурыздағы № 112ҰБ, 2015 жылғы 26 наурыздағы № 118ҰБ сатып алу-сату шарттарына сәйкес 300595125 мың теңге сомасында;

2015 жылдың үшінші тоқсанында 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 472ҰБ сатып алу-сату шартына сәйкес 15000000 мың теңге сомасында.

2) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» акционерлік қоғамы төртінші тоқсанда 2015 жылғы 16 қазандағы № 523ҰБ сатып алу-сату шартына сәйкес 751631400 теңге сомасында.

Бұл қаржы құралдары үшін белсенді нарықтың болмауына байланысты бастапқы тануда Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры келтірілген құнды есептеуге негізделген бағалау қағидатын қолданды.

Бағалау қағидатына сәйкес сатып алынған облигациялардың әділ бағасы амортизацияланған құн негізінде есептеледі. Аталған бағалы қағаздардың әділ құны мен сатып алу үшін ақшалай өтеудің арасындағы 667324540 мың теңге мөлшеріндегі айырма Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтерінің өзгерістері туралы және «Басқа да аударымдар» бабы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерде көрініс тапқан.

2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 1631004592 мың теңге түсті, оның ішінде: мұнай секторы ұйымдарынан түскен тікелей салықтардың түсімдері есебінен (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) – 1613152949 мың теңге, оның ішінде 908168979 мың теңгесі (4423667 мың АҚШ долларына барабар) күнбе – күн дәйекті айырбастау/қайта айырбастау операциясын жүргізу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының теңгедегі тиісті шотына есептелген шетел валютасындағы түсімдер; мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда) – 16676573 мың теңге және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер – 1175070 мың теңге.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер түсімдерінің бағамдық түзетулер ескеріліп есептелген сомасы – 10162625919 мың теңге құрады.

2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдердің құрылымы

Салық төлемдерінің түрі	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі (%)
1	2	3
Корпоративтік табыс салығы, оның ішінде:	567063225	34,79
КТС 101105*	502898605	30,86
КТС 101106*	9815684	0,60
КТС 101107*	54348936	3,33

Үстеме пайдаға салынатын салық	65545507	4,02
Бонустар	32249326	1,98
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	459942363	28,22
Экспортқа салынатын рента салығы	227319646	13,95
Шикізат секторы ұйымдарынан өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі	261032882	16,02
Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4621289	0,28
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3139686	0,19
Мұнай секторы ұйымдары келтірген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша табиғат пайдаланушылардан алынған қаражат	8912030	0,55
Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	3568	0
БАРЛЫҒЫ:	1629829522	100

Е с к е р т п е :

* КТС 101105 – заңды тұлғалар – мұнай секторы ұйымдарынан алынатын корпоративтік табыс салығы;

* КТС 101106 – мұнай секторы ұйымдары резидент заңды тұлғалардан – төлем көзінен ұстайтын корпоративтік табыс салығы;

* КТС 101107 – мұнай секторы ұйымдары резидент емес заңды тұлғалардан – төлем көзінен ұстайтын корпоративтік табыс салығы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің негізгі бөлігін (34,79 %) заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы, одан соң үлесі түсімдердің жалпы сомасының 28,22 %-ын құрайтын пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық құрады. Түсімдердің жалпы сомасының 16,02 %-ын Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесі құрады, түсімдердің жалпы сомасының 13,95 %-ын экспортқа салынатын рента салығы құрады; түсімдердің жалпы сомасының 4,02 %-ын үстеме пайдаға салынатын салық және 1,98 %-ын бонустар құрады.

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқарушы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тұрақтандырылған қоржынынан бағалы қағаздарды сату есебінен 1389808815 мың теңге сомаға (балама 7497758 мың АҚШ доллары) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының валюталық активтерін қайта айырбастауды жүзеге асырды, оның ішінде:

2015 жылғы бірінші тоқсанда – 184,96 (KZT/USD) бағамы бойынша 832032207 мың теңге сомаға (балама 4498527 АҚШ доллары);

2015 жылғы екінші тоқсанда – 185,97 (KZT/USD) бағамы бойынша 557776608 мың теңге сомаға (балама 2999230 АҚШ доллары).

Сондай-ақ, есепті кезеңде Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тұрақтандырылған қоржынынан жалпы сомасы 1437473972 мың теңге теңгеге АҚШ долларын қайта айырбастауды жүзеге асырды (балама 5023642 мың АҚШ доллары),
о н ы ң і ш і н д е :

2015 жылғы бірінші тоқсанда – 185,27 (KZT/USD) бағамы бойынша 272793 мың теңге сомаға (балама 1472 мың АҚШ доллары);

2015 жылғы екінші тоқсанда – 186,19 (KZT/USD) бағамы бойынша 143392 мың теңге сомаға (балама 770 мың АҚШ доллары);

2015 жылғы төртінші тоқсанда – 286,19 (KZT/USD) бағамы бойынша 1437057787 мың теңге сомаға (балама 5021400 мың АҚШ доллары) жүзеге асырылды.

«2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыруға кепілдендірілген трансферт түрінде жоспарланған 1702000000 мың теңгеден 1702000000 мың теңге аударылды, ол жылдық жоспардың 100 %-ын құрайды.


«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 956 және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 - 2016 жылдарға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 қарашадағы № 957 Жарлықтарына сәйкес 2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде 754416963 мың теңге аударылды.

2015 жылы теңгемен номинацияланған бағалы қағаздар эмиссиясының шарттарына сәйкес эмитенттерден жалпы сомасы 9626631 мың теңгеге купондық сыйақы, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» акционерлік қоғамы облигациялары бойынша – 9198381 мың теңге; «Бәйтерек» ҰБХ» акционерлік қоғамы облигациялары бойынша – 404250 мың теңге; «ҚазАгро» ҰБХ» акционерлік қоғамы облигациялары бойынша – 24000 мың теңге алынды.

Соңғы жылдары трансферттер түрінде де, сондай-ақ республиканың квазимемлекеттік секторының облигациялық қарыз алуы түрінде де Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат алу ұлғайғанын атап өту керек. Бұл ретте, қазақстандық эмитенттердің бағалы қағазға салған қаражатының құнсыздануы айқын, өйткені қарыздар нарықтықтан төмен шарттармен берілді.


Осылайша, Ұлттық қордан алулардың ұлғаюы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің азаюына алып келеді.

**Облигациялық қарыздар түрінде бөлінетін қаражатты есепке алмағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатының пайдаланылуы
(млрд. теңге)**



АҚШ доллары Ұлттық қор валютасы болып табылатынын атап өткен жөн. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қаражаттың түсуі тікелей мұнай бағасына байланысты. Осыған байланысты соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторы ұйымдарынан түсетін салықтар түсімдері мен басқа төлемдердің қысқару үрдісі байқалады.

**Инвестициялық кірісті есепке алмағанда
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер
(млрд. теңге)**



Мәселен, есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері 2014 жылмен салыстырғанда 12,6 % немесе 9,5 млрд. АҚШ долларына қысқарған.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері
(млрд. АҚШ доллары)**



Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шотында теңгедегі қаражат қалдығы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1251089506 мың теңгені құрады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылғы қызметі туралы есеп

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры аудитінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік дұрыс деп танылды және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржылық жағдайының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2015 жылғы 31 желтоқсанға кредиторлық берешегі мен есептелген төленбеген шығыстарының жалпы сомасы 22497085 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы кредиторлық берешек – 11888153 мың теңге;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек – 10608932 мың теңге, одан:

9639226 мың теңге – активтерді басқару үшін комиссиялар, оның ішінде:

5068230 мың теңге – сыртқы басқарушылардың көрсететін қызметтеріне комиссия;

4570996 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық

сыйақысы;

969706 мың теңге – өзге де есептелген шығыстар, оның ішінде:

537719 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры кастодианының көрсетілетін қызметтері үшін;

422087 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жаһандық кастодианының көрсетілетін қызметтері үшін;

9900 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін.

1-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бухгалтерлік теңгерімі (мың теңге)

Баптың атауы	2015 жылы	2014 жылы
Активтер		
Ақшалай қаражат және оның баламалары	1724438604	1455610414
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары		
Қор меншігінде тұрған	21078481392	13122496392
РЕПО мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы бар	0	0
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	795475298	369954408
Туынды қаржы құралдары	15755167	11071313
Дебиторлық берешек	10788409	10255771
Активтер жиыны	23624938870	14969388298
Міндеттемелер мен таза активтер		
Туынды қаржы құралдары	12520401	9543283
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	0	0
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	22497085	23870689
Міндеттемелер жиыны	35017486	33413971
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотын құрайтын таза активтер	23589921384	14935974327

2015 жылғы 31 желтоқсанға инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы дебиторлық берешекті білдіретін Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры дебиторлық берешегінің жалпы сомасы 10788409 мың теңгені құрады.

2-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пайдасы мен шығындары туралы есеп (мың теңге)

Баптың атауы	2015 жылы	2014 жылы
Кірістер		
Сыйақы түріндегі кірістер	172958867	143280075
Дивидендтер түріндегі кірістер	53555222	57724075

Форвардтық валюталық келісімшарттарды қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан түсетін кіріс	(90203376)	169138715
Форвардтық валюталық келісімшарттардан түсетін таза пайда /(шығын)	(322676)	1427213
Валюталық активтер мен міндеттемелерді қайта бағалаудан түсетін таза пайда /(шығын)	(809785781)	(575449879)
Кірістердің жиыны	(673797744)	(203879801)
Шығыстар		
Активтерді басқарғаны үшін комиссиялар	(14851007)	(11140536)
Кастодиандық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	(1079659)	(587791)
Аудиторлық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	(9900)	(9900)
Кәсіби көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	0	0
Бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық дерекқорды пайдаланғаны үшін ақы төлеу жөніндегі шығыстар	(1385)	(3340)
Шығыстардың жиыны	(15941951)	(11741567)
Таза кіріс (шығын)	(689739695)	(215621368)
Басқа жиынтық кіріс		
Бағамдық айырмалар	10836423663	2066083464
Жалпы жиынтық кіріс/(шығын)	10146683968	1850462096

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын 2015 жылы сенімгерлік басқарудың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер:

1) басқару нәтижелері бойынша шығыстар 673797744 мың теңгені;
2) басқарудан болатын шығыстар 15941951 мың теңгені;
3) теңгеге қайта бағалау (қайта есептеу) бойынша оң айырма 10836423663 мың теңгені құрады.

Осылайша, 2015 жылдың қорытындысы бойынша таза шығын 689739695 мың теңгені, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан болатын шығыстар шегерілгенге дейінгі жалпы жиынтық кіріс 10162625919 мың теңгені, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқарудан болатын шығыстар шегерілгеннен кейінгі жалпы жиынтық кіріс 10146683968 мың теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жаһандық кастодианының деректері бойынша 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде базалық валюта – АҚШ долларымен есептелген инвестициялық шығын (іске асырылған және іске асырылмаған) қалыптасты, ол 1696814 мың АҚШ долларын

құрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жаһандық кастодианының деректері бойынша мәмілелер жасауға жұмсалған шығындарды ескере отырып түзетілген инвестициялық шығын сол кезең ішінде 1697386 мың АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шотынан 2015 жыл ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқаруға байланысты жалпы сомасы 12153890 мың теңгеге мынадай шығыстар төленді:

1) 6241534 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысы, оның ішінде 3216355 мың теңге – 2015 жылы көрсетілген қызметтер үшін және 3025179 мың теңге – өткен жылдары көрсетілген қызметтер үшін;

2) 5121888 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша сыртқы басқарушылардың комиссиялық сыйақысы, оның ішінде 1932250 мың теңге – 2015 жылы көрсетілген қызметтер үшін және 3189638 мың теңге – өткен жылдары көрсетілген қызметтері үшін;

3) 673293 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын жаһандық кастодианының көрсетілген қызметтері үшін, оның ішінде 175464 мың теңге – 2015 жылы көрсеткен қызметтер үшін және 497829 мың теңге – өткен жылдардағы көрсетілген қызметтер үшін;

4) 104750 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын кастодианының – өткен жылдары көрсетілген қызметтері үшін;

5) 9900 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сыртқы аудитін жүргізу жөніндегі – 2015 жылы көрсетілген қызметтері үшін;

6) 2302 мың теңге – «Morgan Stanley Capital International» компаниясының ақпараттық қызметтері үшін, оның ішінде 1162 мың теңге – 2015 жылы көрсетілген қызметтері үшін және 1140 мың теңге – өткен жылдары көрсетілген қызметтері үшін;

7) 223 мың теңге – «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамының теңгеге номинацияланған 2015 жылы көрсетілген қызметтері үшін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару бойынша шығыстарды есептеудің жалпы сомасы 2015 жылғы 31 желтоқсанға 15941951 мың теңгені құрады, ол мынадай сомадан тұрады:

1) 7849902 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын активтерін сенімгерлік басқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысы;

2) 7001105 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы басқарушыларының көрсеткен қызметтері үшін;

3) 646663 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жаһандық кастодианының көрсеткен қызметтері үшін;

4) 433114 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры кастодианының көрсеткен қызметтері үшін;

- 5) 9900 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына сыртқы аудит жүргізу жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін;
- 6) 1162 мың теңге – «Morgan Stanley Capital International» компаниясы көрсеткен ақпараттық қызметтер үшін;
- 7) 223 мың теңге – «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамы бағалы қағаздарды есепке алу және сақтау бойынша теңгемен номинацияланған көрсеткен қызметтері үшін;
- 8) (-) 118 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры кастодианының тікелей Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының корреспонденттік шотынан комиссияны есептен шығаруына байланысты 2015 жылғы I тоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры кастодианының көрсеткен қызметтері үшін есептелген комиссияны сторнирлеу.
- 3-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (мың теңге)

Баптың атауы	2015 жылы	2014 жылы
1	2	3
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Таза пайда (шығын)	(689739695)	(215621368)
Түзетулер:		
Қазақстандық мемлекеттік компаниялардың облигациялары бойынша дисконттың /сыйлықтың амортизациясы	(25618905)	(13076089)
РЕПО мәмілелері бойынша сыйақы түріндегі шығыстар	0	0
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан іске асырылмаған (кіріс)/шығын	264858474	(124545337)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы	(450500126)	(353242794)
Операциялық активтердің ұлғаюы (азаюы):		
Туынды қаржы құралдарынан басқа, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары	2615580189	(593521899)
Туынды қаржы құралдары	(4683854)	1176109
Дебиторлық берешек	(532638)	(662838)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы):		
Туынды қаржы құралдары	2977118	450248
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	0	0
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	(1373603)	2819510

Ақша қаражатын операциялық қызметте/қызметке таза пайдалану/түсуі	2161467086	(942981664)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы		
Қазақстандық мемлекеттік компаниялардың облигацияларын сатып алу/сату немесе өтеу	(399901985)	(252338351)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатын таза пайдалану	(399901985)	(252338351)
Қаржы қызметінен түсетін ақша қаражатының қозғалысы		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер	1631004592	3504647159
Республикалық бюджетке аударымдар	(2456416963)	(1955000000)
Өзге аударымдар	(667324540)	(219811649)
Қаржы қызметінен/(қызметінде) ақша қаражатының таза түсімі/(пайдаланылуы)	(1492736911)	1329835510
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы/(азаяуы)	268828190	134515495
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	1455610414	1321094919
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	1724438604	1455610414

4-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп (мың теңге)

Баптың атауы	Түсімдер	Аудару	Таза пайда (шығын)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Барлығы
1	2	3	4	5	6
2013 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	18417181402	(8894722958)	1393924826	839293451	11755676721
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер және өзге де түсімдер	3504647159				3504647159
Республикалық бюджетке аударымдар		(1955000000)			(1955000000)
Өзге де аударымдар		(219811649)			(219811649)
Валютаны қайта бағалаудың таза активтердің бастапқы қалдығына әсері				2158692032	2158692032
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға (шығынға) және өзге де аударымдарға әсері				(92608568)	(92608568)
Кезеңдегі таза пайда (шығын)			(215621368)		(215621368)
2014 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	21921828561	(11069534607)	1178303458	2905376915	14935974327

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	1631004592				1631004592
Республикалық бюджетке аударымдар		(2456416963)			(2456416963)
Өзге де аударымдар		(667324540)			(667324540)
Валютаны қайта бағалаудың активтердің бастапқы қалдығына әсері				12913658966	12913658966
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға (шығынға) әсері				(2077235303)	(2077235303)
Кезеңдегі таза пайда (шығын)			(689739695)		(689739695)
2015 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	23552833153	(14193276110)	488563763	13741800578	23589921384

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтері 2015 жылдың соңында 23589921384 мың теңгені құрады (аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен), жылдық өсім 58 %-ды құрады. Активтердің ұлғаюына негізінен 2015 жылы АҚШ долларына теңге бағамының өзгеруіне байланысты Ұлттық қор активтерінің валюталық бөлігін теңгемен қайта бағалау есебінен қол жеткізілді.

3. 2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін бөлу құрылымы мынадай түрге ие болды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қоржынының жалпы нарықтық құны 2015 жылғы 31 желтоқсанда 65731716152 АҚШ² долларына тең болды, оның ішінде валюта қоржыны – 63392151732 АҚШ долларына (96,44 %) және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» акционерлік қоғамы, «ҚазАгро» ҰБХ» акционерлік қоғамы және «Бәйтерек» ҰБХ» акционерлік қоғамы облигацияларының қоржыны – 2339564420 АҚШ долларына (3,56 %). Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры валюталық қоржынының құрамына кіретін тұрақтандыру және жинақ қоржындарының нарықтық құны тиісінше 17822922101 (28,12 %) және 45569229631 (71,88 %) АҚШ доллары болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық қоржынының құрамына кіретін бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының нарықтық құны Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жаһандық кастодианының деректеріне негізделді.

— — — — —
²Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек және теңгедегі шоттағы қаражат қалдығы ескерілмеген

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтерін бөлу құрылымы

Атауы	Барлығы	
Мандат түрі	USD-мен нарықтық құны	%
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	35668165249	56,27
Ақша нарығы	17822922101	28,12
Акциялар	8897803797	14,08
Жаһандық тактикалық бөлу	1003260586	1,58
БАРЛЫҒЫ	63392151732	100,00

Тұрақтандыру қоржынының активтерін бөлу серпіні

%

Активтер сыныбы	31.03.15	30.06.15	30.09.15	31.12.15
Ақша және ақша нарығының құралдары	88,86	78,62	78,27	83,18
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	11,14	21,38	21,73	16,82
Тұрақтандыру қоржынының барлығы	100,00	100,00	100,00	100,00

Есепті кезең ішінде тұрақтандыру қоржынының құрамындағы эталондық индекске кіретін елдердің қолма қол валютасы мен мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі шамамен 87,78 %-ға тең болды.

Жинақтау қоржынының активтерін бөлу серпіні

%

Активтер сыныбы	31.03.15	30.06.15	30.09.15	31.12.15
Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар	74,77	78,23	77,86	78,97
Акциялар	18,85	19,95	20,10	19,91
Ақша және ақша нарығының құралдары	6,38	1,82	2,04	1,12
Жинақтау қоржынының барлығы	100,00	100,00	100,00	100,00

2015 жылғы 31 желтоқсанға елдік қатынаста Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жинақтау қоржынының активтерін бөлуде ең көп үлес мыналарға келеді: АҚШ (40,92 %), Еуроаймақ елдері (21,39 %), Жапония (10,055 %), Ұлыбритания (7,96 %), Канада (5,51 %), Аустралия (4,32 %), Оңтүстік Корея (4,76 %), Швейцария (0,84 %) ж ә н е б а с қ а л а р ы (4 , 2 5 %) .

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістілігі 2015 жылы (-) 2,44 % құрады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылғаннан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі инвестициялық кіріс 6518 млн. АҚШ долларын құрады.

Құрылғаннан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістілігі 66,64 %-ды құрады, бұл жылдық мәнде 3,56 %-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тарихи кірістілігі



Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтері мынадай санаттар (инвестициялық қоржын түрлері) бойынша жіктелген:

- 1) тұрақтандыру қоржыны;
 - 2) жинақтау қоржыны;
- тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар қоржыны;
акциялар қоржыны;
активтерді тактикалық бөлу қоржыны.

Инвестициялық стратегияға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің әрбір сыныбы эталондық қоржынға (индекске) қатысты басқарылады, оның негізінде активтердің кірістілігі бағаланады. Эталондық қоржындар (индекстер) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында айқындалған.

Тұрақтандыру қоржынының кірістілігі 2015 жылы 0,05 %-ды құрады, осы кезеңде эталондық қоржынның (Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index) кірістілігі 0,22 %-ды құрады. Осылайша, тұрақтандыру қоржынының активтерін басқару нәтижесінде 2014 жылы (-)0,17 % мөлшерінде теріс үстеме кірістілік алынды.

Жинақтау қоржынының кірістілігі 2015 жылы (-) 3,62 %-ды құрады. Осы кезеңде эталондық қоржынның кірістілігі(-) 3,64 %-ды құрады. Осылайша, оң үстеме кірістілік 0,02 % мөлшерінде алынды.


«Жаһандық облигациялар» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2015 жылы (-) 5,99 % құрады. Осы қосалқы қоржынның эталондық қоржынының кірістілігі (-) 6,19 % құрады. Осылайша, мандаттың осы түрін басқару нәтижесінде алынған жоғары кірістілік оң болды және 0,20 %-ды құрады.

«Жаһандық акциялар» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2015 жылы 0,89 %-ды құрады, ал бенчмарктің кірістілігі (-) 0,25 % құрады. Осылайша, эталондық қоржынға қатысты мандаттың осы түрі


бойынша активтерді басқару нәтижесі теріс болды, үстеме кірістілік (-) 0,64 % -ды құрады.

«Активтерді жаһандық тактикалық бөлу» мандат түрі бойынша жинақтау қоржынының активтерін басқарудан түсетін кірістілік 2015 жылы (-) 3,48 % құрады, ал бенчмарктің кірістілігі (-) 4,77 % құрады. Осылайша, эталондық қоржынға қатысты мандаттың осы түрі бойынша 2015 жылы жинақтау қоржынының активтерін басқару нәтижесі оң болды, үстеме кірістілік 1,29 % құрады.

Мандаттардың түрлері бойынша жинақтау қоржынының кірістілігі



Тұрақтандыру қоржынының кірістілігі



Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару бойынша 2015 жылы жүргізілген іс-шаралар туралы қосымша ақпарат.

2015 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару тиімділігін арттыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақтау қоржынының активтерін валюталық әртараптандыруды кеңейту

мақсатында валюталық кәрзеңкеге кіретін елдердің ЖІӨ мөлшерін салыстыру қағидатына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры облигацияларының жинақтау қоржынын валюталық бөлуді өзгертуді көздейтін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының № 11 қаулысы қабылданды.

Осылайша, 2015 жылғы 1 мамырдан бастап мынадай облигациялардың эталондық композиттік индексі күшіне енді:

Merrill Lynch U.S. Treasuries, 1-5 Yrs (GVQ0) - 45 (қырық бес) пайыз;

Merrill Lynch 1-5 Year All Euro Government Index, DE, FR, NL, AT, LU, FI (EVDF) - 20 (жиырма) пайыз;

Merrill Lynch U.K. Gilts, 1-5 Yrs (GVL0) - 10 (он) пайыз;

Merrill Lynch Japanese Governments, 1-5 Yrs (GVY0) - 10 (он) пайыз;

Merrill Lynch Australian Government, 1-5 Yrs (GVT0) - 5 (бес) пайыз;

Merrill Lynch Canadian Governments, 1-5 Yrs (GVC0) - 5 (бес) пайыз;

Merrill Lynch South Korean Government Index, 1-5 Yrs (GSKV) - 5 (бес) пайыз.

Жаңа жинақтау қоржынын валюталық бөлуге сәйкес дат және швед кронасы, сингапур және гонконг доллары алып тасталды және Еуроға ірілендірілген қоржын үлесі АҚШ долларындағы қоржын пайдасына азайтылды.

Жоғарыда көрсетілген шешім күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 66 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушылар қызметінің нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Соның негізінде Ұлттық Банктің Инвестициялық комитетінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 54 хаттамасына сәйкес және акциялар бойынша белсенді позицияларды жабу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушылармен – BSI SA, Bank Sarasin & Co («Жаһандық белсенді акциялар» басқару мандаты) басқару келісімін бұзу және «Жаһандық пассив акциялар» мандаты шеңберінде UBS Global AM (Equity) және State Street Global Advisors басқаруындағы активтердің мөлшерін 50 %-ға қысқарту ұсынылды.

Бұл ретте State Street Bank Europe Limited Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін транзиттік басқарушы ретінде бекітілді. Жоғарыда көрсетілген шешімді іске асыру нәтижесінде алынған қаражат Ұлттық Банк басқаруындағы «Жаһандық облигациялар» мандатына аударылды.

Халық арасында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы 2014 жылғы есеп және сыртқы аудит жүргізу нәтижелері туралы ақпарат 2015 жылғы 2 шілдеде «Казахстанская правда» газетінде № 123 (279999) жарияланды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-сайтында орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметі туралы қажетті ақпарат, есептер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-сайтында (www.minfin.gov.kz) орналастырылған.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК